

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



G•GLOBAL

Х Астана экономикалық форумы аясындағы
**«ӘЛЕУЕТТІ МҮМКІНДІКТЕР НЕГІЗІНДЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ
ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ
ӘРТАРАПТАНДЫРУЫН ЖЕДЕЛДЕТУ»**

жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының

ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

I БӨЛІМ

15 маусым 2017ж.

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научной конференции молодых ученых

**«УСКОРЕНИЕ ДИВЕРСИФИКАЦИИ И ПОВЫШЕНИЕ
КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ
КАЗАХСТАНА НА ОСНОВЕ ПОТЕНЦИАЛЬНЫХ ВОЗМОЖНОСТЕЙ»**

под эгидой X Астанинского экономического форума

ЧАСТЬ I

15 июня 2017г.

PROCEEDINGS

of the international scientific conference of young scholars

**«ACCELERATING DIVERSIFICATION AND IMPROVING THE
COMPETITIVENESS OF KAZAKHSTAN'S NATIONAL ECONOMY BASED
ON POTENTIAL OPPORTUNITIES»**

in the framework of the X Astana Economic Forum

PART I

15 June 2017

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 330.(063)
ББК 65.01
Ә53

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макъш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н, доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н., доцент Бабланов Т.К.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А., к.э.н., и.о. доцента Мусина К.П.

Ә53 Әлеуетті мүмкіндіктер негізінде Қазақстанның ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру және әртараптандыруын жеделдету: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф. еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2017.

Ускорение диверсификации и повышение конкурентоспособности национальной экономики Казахстана на основе потенциальных возможностей: Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2017.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «Accelerating diversification and improving the competitiveness of Kazakhstan's national economy based on potential opportunities » Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2017.

ISBN 978-996-31-870-2
ISBN 978-9965-31-869-6

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында әлеуетті мүмкіндіктер негізінде Қазақстанның ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату және әртараптандыру жеделдетудің және ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы диверсификации национальной экономики Казахстана на основе потенциальных возможностей.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of Kazakhstan's national economy diversification based on potential opportunities and development of recommendations for improving the competitiveness of the country's economy.

ISBN 978-996-31-870-2
ISBN 978-9965-31-869-6

УДК 330.(063)

внешнеэкономической деятельности, а также привлечения иностранных инвестиций в экономику государства. В будущем, эффективное развитие экономики нашей страны зависит от того, как Казахстан и ее субъекты хозяйствования осуществляют внешнеторговые операции и какие меры предпринимают по улучшению инвестиционного климата, например, обмен опытом, международное инвестиционное сотрудничество, интеграция в международную систему производства и т.д.

Литература:

1. Закон Республики Казахстан от 8 января 2003 года № 373-ІІ "Об инвестициях"
2. Бижанова Д. Прямые иностранные инвестиции в Республике Казахстан: вопросы эффективности // Саясат, -2007, -№5. –С.27
3. Абыкаев Н. Инвестиционный потенциал и экономический рост (методологический аспект) //Экономист. - 2000. - С. 65.
4. Источник «Forbs.kz» Чем Казахстан может соблазнить инвесторов. Павлова А. 2015 год
5. Официальный интернет ресурс Национального Банка Казахстана <http://nationalbank.kz>.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

С.М. Егембердиева, З.Е. Мұханов

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: nurmuhammedovzz@gmail.com

Бүгінгі әлемде, әр халық өзінің өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында, энергияға қажеттілікті күннен күнге арттырып келеді. Алайда, барлық дүние таусылу қасиетіне ие. Қазіргі уақытта 85% энергия органикалық отынды (көмір, мұнай, газ) жағудан алынады. Осы энергия көздерінің қайнары сарапшылар мен ғалымдардың айтуы бойынша 50-100 жыл ішінде таусылады деп болжануда. Мұнайдың таусылу уақыты 40-50 жыл, газ 80 жыл, уран 80-100 жыл, көмір 400-500 жыл болып табылады.

Сарапшылар алдағы 50 жылда, әлемдік мұнай тұтыну 2-ден көп, есе, табиғи газ 3 есе, минералды шикізатты басқа түрлерін 3,5 есе артады деп болжап отыр. Осыған байланысты, баламалы энергия көздерін пайдалануға көшу өте маңызды. Экологиялық апат болдырмау үшін, сарапшылар ХХІ ғасырдың соңына дейін энергетикада күн энергиясының үлесі кем дегенде 65% -ын құрауы тиіс деп болжайды [2].

Қазіргі уақытта жаңартылатын энергия көздері дәстүрлі көмір электр энергетикасын ығыстыра бастады. Бірақ олардың даму жылдамдығы мемлекеттік саясатқа толығымен тәуелді болып табылады.

Қазақстан табиғи байлықтарға өте бай, еліміздің энергияны 42% көмірден, 39% табиғи газдан, 17% мұнайдан, ал экологиялық таза және жаңартылатын энергия көзінен тек 0,2% ғана энергия алады.

Осыған орай, Қазақстан өзінің тұрақты даму жөніндегі ұлттық стратегиясының моделін қалыптастыру үшін күшті қолдау болып табылатын «Жасыл көпір» бағдарламасын әзірледі. «Жасыл көпір» бағдарламасы «жасыл технологиялар» және «жасыл» инвестициялық жобаларды енгізуге жол ашып, жаңартылатын энергия саласындағы жобаларды, «таза» өнімдерін өндіруді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстанның Әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына Жиырма қадам» баяндамасында бүкіл халықты сапалы жұмыс орындарымен қамтуды ғана емес, инновациялық серпінді экономика секторын құра отыра

жұмыс орындарын ашу керек екенін айтты. Ондай инновациялық экономика секторының бірі «Жасыл» экономика болып саналады [3].

«Жасыл» экономика – ол көмірсусыз, табиғи байлықтарды үнемді және тиімді қолдана отыра бүкіл қоғамның сұранысына жауап беретін экономика түрі болып табылады. «Жасыл» экономика, мемлекеттік және жеке инвестициялармен көзделген табысты көбейтіп және жұмыспен қамтудың өсуіне, көмірқышқыл газының қалдықтарымен ауаның ластануын азайтуына, энергия тиімділігі мен ресурстарды үнемдеуді қолға алынуына және биологиялық, экожүйелік қызметтерді жоғалуына жол бермеуіне әсер ететін фактор болып саналады.

Қазақстан Республикасында қазіргі қолданыстағы экономикалық жүйе ескірген шағына келіп, қазіргі жағандық қауіп-қатерлерге жауап бере алмауы мүмкін. Дегенмен, экономика мүлдем дамымаған деп те айта алмаймыз, ол халықтың, әсіресе оның жекелеген топтарының өмір сүру деңгейін жақсартуда белгілі бір нәтижелерін берді, бірақ, осы жүйенің жұмыс істеуінде теріс салдары айтарлықтай бар: ол экологиялық мәселелер (климаттың өзгеруі, көлдердің шөлге айналуы, биомассалардың азаюы), табиғи капиталдың сарқылуы, кең таралған кедейлік, тұрғын су тапшылығы, азық-түлік жетіспеуі, энергетикалық мәселелер, халықтар мен елдердің теңсіздігі. Осының барлығы қазіргі және келешек ұрпақ үшін қауіп төндіреді. Ағымдағы экономикалық модель «қоңыр» экономика деп аталады [7].

Болашақ ұрпақты басым экологиялық тәуекелге, экологиялық тапшылыққа ұшыратпай, адамзаттың аман қалып, әрі қарай дамуы үшін бүкіл әлем, оның ішінде Қазақстан да, «жасыл» экономика моделіне көшуі қажет.

«Жасыл» экономикаға бастама үш негізгі принциптерге негізделген: ұлттық және халықаралық деңгейлерде табиғи ресурстарды бағалау және анықтау; халықты «жасыл» жұмыс орындарын құру арқылы жұмыспен қамтамасыз ету және осы бағытта ұлттық саясатты қалыптастыру; экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін жасыл экономика негізінде құрылған нарық тетіктерін қолдану.

«Жасыл» экономикаға көшу үшін экономиканың келесі секторларына инвестиция тарту қажет: ол ауыл шаруашылығы, тұрғын үй-коммуналдық қызметтер, энергетика, балық, орман, туризм, көлік, қайта өңдеу және қалдықтарды қорыту, су ресурстарын басқару. «Жасыл» экономикаға көшудің бірден-бір жолы ол «жасыл» қалаларды салу немесе бар қалаларды жасылдандыру. Тұрғын үй, кешендерді жасылдардыру - олардың жұмысын қамтамасыз ететін ресурстарды үнемдеумен байланысты, сонымен қатар ол экономикалық шығындарды үнемдеуге әкеліп соғады. Қазақстанның басым көпшілік қалаларында ауаның ластануының басты себебі ол аз мөлшерде жасыл алаңдардың, табиғи саябақтардың аз болуы, жалпы қалалардың тазалығының төмен деңгейі. Қалаларды көгалдандыру үшін ағаштарды шабуды қысқартып, жаңа ағаштарды егу арқылы жүзеге асыруға болады. Әр азаматтың өз үйін, ауласын таза ұстауын талап ету қажет. Лас атмосфера біздің денсаулығымызға зиян тигізеді. Әр жерге шашылған бөтелке мен қоқыстар, полиэтилен қаптары біздің қоршаған ортаны ластауына әкеліп соғады.

Жасыл экономикаға көшудің тағы бір маңызды элементі – энергетикалық кедейшілікпен және жалпы кедейшілік мәселесімен күрес. Жаңартылатын энергия көздерін және олармен байланысты энергетикалық саясатын өндіретін технологиялардың арқасында өмір деңгейін жақсарту үшін елеулі үлес қосқан және ең төмен табысы аймақтарда халықтың денсаулығын жақсартуын қамтамасыз етеді. Тиімді балама энергия көздеріне күн фотоэлектрлі станциялары, жел энергетикасы, сонымен қатар жанармай отынының орнына биомасса әлде сутегі негізіндегі отынды қолдану экономиканы жасылдандыруға үлкен үлес қосады, және де осы баламалардың қызметі салыстырмалы түрде қымбатқа соқпайды. Және «жасыл экономика» қағидаттары бойынша өнеркәсіпті трансформациялау айтарлықтай біздің азаматтарымыздың өмір сүру сапасын жақсартуға әсерін тигізеді.

Көлік мәселесіне келетін болсақ, жеке көлік бүгін, негізінен - климаттың өзгеруі, қоршаған ортаның ластануы және адам денсаулығына қатер төндіретін басты себептерінің бірі болып келеді. Қалаларда және қалалардан тыс жерде автокөліктер әлемде шығарылатын

сұйық отынның 50% пайдаланып, ғаламшардағы CO₂ газының ¼ қамтиды. Көлік «көгалдандыру» саясаты өзара байланысты үш принциптерге негізделеді: көліктік жоспарлау арқылы қажетсіз саяхат қысқарту немесе жою; экологиялық көлік түріне көшу, моторсыз көлік түрін қолдану; олардың қоршаған ортаға теріс әсерін азайту және әлеуметтік шығындарды төмендету мақсатында технологиялар мен отын пайдалануды жақсартуға.

Қалдықтарды қорыту мен кәдеге жарату саласындағы халықты жұмыспен қамтудың өсуі табысты көбейтеді, ал адамзаттың қоқыстарды белсенді түрде шығару көлеміне байланысты бұл салада табыс өсе түседі деп болжануда. Қалдықтарды кәдеге жарату индустриясы қазірдің өзінде әлемнің үш елінде ғана (АҚШ, Бразилия, Қытай) 12 млн. адамды жұмыспен қамтып жатыр екен. Қалдықтарды сұрыптау мен кәдеге жаратудың өзі сол қалдықтарды жерге көму жұмысына қарағанда 10 есе көп жұмыс орнын береді. Қазақстанда «жасыл» экономика жоспары бойынша қоқыстарды сұрыптау мен кәдеге жарату индустриясында жұмыс күшін 10%-ға өсуін болжайды, қазіргі жағдайға қарағанда. Бірақ, жұмыс орны «жасыл» болуы үшін, берілген жұмыс шарттары экологиялық және әлеуметтік нормаларға сәйкес болуы қажет [4].

Сарапшылардың пікірінше, қысқа мерзімді перспективада «жасыл экономика» ІЖӨ-нің өсуі, дәстүрлі «қоңыр» экономикаға қарағанда бірдей немесе тіпті одан да жоғары қарқынмен жан басына шаққандағы ақшалай табыстардың және жұмысбастылықтың артуы қамтамасыз етуге қабілетті болып табылады. Орта және ұзақ мерзімді перспективада «жасыл экономика», «қоңыр» экономиканы қуып жетеді, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау тұрғысынан көп артықшылықтар береді және әлеуметтік теңсіздікті азайтуға үлес қосады [6].

«Жасыл экономика» аясында энергия тапшылығынан құтылу үшін – жаңару энергиясын қалыптастыру керектігі туындауда. Мұны әр өңір жер жағдайына қарай жүзеге асыруына болады. Айталық, Испания, Дания мемлекеттері жел генераторлары барлық тұтынатын электр қуатының 20 пайызын, ал Германия 10 пайызын өндіруге қол жеткізіпті. Бұл істе соңғы жылдары көршіміз Қытай мемлекеті көш бастап келеді. Бүкіләлемдік жел энергиясы ассоциациясының (БЖЕА) мәліметіне сүйенсек, 2011 жылы әлемдегі барлық жел энергиясының жалпы қуаты 237 гигаватты құрапты. Бұл 280 ядролық реакторы қуатының көлеміне тең келетін көрінеді. Әлемде 380 ядролық реактор жұмыс істеп тұрғанын білеміз. БЖЕА болжамы 2020 жылға қарай жел генераторларының жалпы қуаты 4 есеге өсіп, 1 мың гигаватт электр өндіретін болады [2].

Болашақтың энергиясы қазақстандықтарға энергияның жаңартылатын көздерін шығарумен қамтамасыз етеді. Сондықтан инвесторларды тартуға мүмкіндік беретін жағдай. Бүгінгі проблема - қалдықтармен жұмыс жасау. Қалдықтарды басқару жүйесі. Жасыл экономика бірінші кезекте, қазіргі уақытта сарқылуға ұшыраған (мұнай, газ) табиғи ресурстарды үнемді тұтынуға және сарқылмайтын ресурстарды тиімді пайдалануға бағытталған. Сонымен қатар, экологиялық дағдарысты біздің елде болдырмауға мүмкіндік береді.

Ал енді жасыл экономикаға көшу бізге не береді? Біздің еліміз расымен бұған көшуге дайын ба? - деген сұрақтар туындап жатады.

Біріншіден, «Жасыл экономикаға» көшу 2050 жылға қарай 500 мың жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Екіншіден, тұжырымдама дамыған 30 елдің қатарына кіруге жол ашады. Үшіншіден, 2030 жылға қарай қазақстандықтардың электр энергиясының 11 пайызын жел мен күннен, ал 8 пайызын атомнан алуға мүмкіндік береді. Елімізде бірқатар жылу электр станциялары көмірден газға көшірілетін болады. Энергетикада баламалы және жаңартылатын энергияның үлесін 2030 жылға қарай-30, ал 2050 жылға қарай 50 пайызға жеткізу мақсаты көзделген. Энергия тиімділігін жоғарылатуға бағытталған шараларды жүргізу нәтижесінде электр қуатын өндіру қажеттілігі 2030 жылға қарай- 13, ал 2050 жылға қарай 10 пайызға азаятын болады

Ел алдында тұрған «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі негізгі басым міндеттер:

1) ресурстарды (су, жер, биологиялықжәне басқа) пайдалану мен олардыбасқару тиімділігін көтеру;

- 2) қолда бар инфрақұрылымды жаңғыртып, жаңаларын салу;
- 3) қоршаған ортаға қысымды жұмсартудың рентабельдік жолы арқылы халықтың әлеуметтік мен қоршаған ортаның сапасын көтеру;
- 4) ұлттық қауіпсіздікті, соның ішінде суқауіпсіздігін көтеру болып табылады.

«Жасыл» экономикаға көшу концепциясы үш кезеңмен жүзеге асырылады және 2050 жылға дейінгі уақытты қамтиды. Бірінші кезеңде, яғни 2020 жылға дейін, ресурстарды қолдануды оңтайландыру, табиғатты қорғауға бағытталған қызметтің тиімділігін арттыру, сонымен бірге, «жасыл» инфрақұрылым жасақтау мемлекет үшін негізгі басымдық болып табылады. Бұл инфрақұрылым, екінші кезеңде, яғни 2030 жылға дейінгі уақытта, ұлттық экономиканы суды үнемдеп пайдалануға, қайта қолданылатын энергетика технологиясын дамыту мен кеңінен енгізуді ынталандыруға және ғимараттар құрылысын энергетикалық тиімділіктің жоғары стандарттарына негіздей отырып жүргізуге бағыттап қайта жаңғыртуға жол ашады. Үшінші кезең 2050 жылға дейін созылады. Бұл кезеңде ұлттық экономиканы қазір айтылып жүрген үшінші өндірістік төңкерістің принциптеріне көшіру көзделеді. Бұл жағдайда табиғи ресурс-тарды қолдануда оларды қайта қалпына келтіру және тұрақтылығын қамтамасыз ету шарттары талап етіледі [1]. Біздің ойымызша келесідей мәселелер бар:

1. Жалпы, қарапайым халық «жасыл экономика» ұғымымен онша жақын таныс емес. Бұқара халық «жасыл экономика» мәселесін негізінен желдің қуаты мен күн сәулесінен энергия өндіру деп қана түсінеді. Негізінен бұл дұрыс та. Өйткені қазіргі біздің санамызға жасыл экономика жетістіктерін одан әрі көзге елестету қиын, оны санамыз әлі де онша қабылдай алмайды. Ал бірақ, бұл саланың болашағы өте зор, әлем ғалымдары қазір тың идеяларды сараптауда.

2. Ел азаматтарының санасы мен менталитетінің төмендігі айтарлықтай кері әсерін тигізеді. Яғни, таза экономика мен үнемді экономикаға көшу үшін күнделікті тұрмыстан бастау керек. Өкінішке орай, қазіргі кезде жер-жерде үйіліп жатқан қоқыстарға көзіміз үйренгені анық. Сонымен қатар, электр құрылғыларын қажетсіз болса да үнемдеуді білмейміз. Сондай-ақ, жыл сайын көлік саны көбеймесе азаяр емес. Халықтың жан басында 2-3 автокөліктері бар екені де жасырын емес. Олардан шығатын улы түтінді айтпасақ та белгілі.

3. Құжаттамалардың толық электронды түріне көше алмай жатырмыз. Яғни қай мекемеде болсын құжаттамаларды электронды түрімен қатар қағаз түрін де жазуға тиіспіз. Ал бұл өз кезеңінде ағаштарды көптеп кесіп, ормандарымыздың азаюына алып келе жатырғанын білеміз.

4. Қандай бастамада болса да алдымен қажетті жоғары дәрежелі мамандар болуы керек. Сондықтан да, энергетика саласында, ауылшаруашылығы мен туризм саласында мамандарды көптеп дайындап, олардың жоғары дәрежелі маман болып, жасыл экономиканы дамытуға ат салысатындай етіп дайындау керекпіз.

Бұл шаралар жүйесі адамның еңбегімен қатар үлкен қаражатты қажет етеді. Дегенмен, жасыл экономиканың жас мемлекетімізге берері мол. Мүмкіндіктер де бар. Тек елдің әр азаматы саналы түрде бұны іске асыруға ат салысса міндетті түрде жаңа экономикамыздың дамып, дамушы еліміздің одан әрі өркендеуіне жол ашады деп үміттенеміз.

Әдебиет:

1. «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыт.
2. ҚР Президенті Н. Назарбаевтың 2012 жылғы Қазақстан халқына Жолдауы.
3. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның Әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына Жиырма қадам» баяндамасы.
4. Green economics // электронды ресурс: Жасыл экономика институты (Ұлыбритания) / <http://www.greenecomomics.org.uk/>
5. M. Kennet.Green Economics: setting the scene. Aims, context, and philosophical underpinning of the distinctive new solutions offered by Green Economics. – London, 2012.

6. А. Игнатьева. Зеленая экономика: Практический вектор устойчивого развития или политический компромисс, Россия в окружающем мире 2011г. Устойчивое развитие: экология, политика, экономика. – М.:Изд-во МНЭПУ 2011. – 292 С.

7. А. Храмов. «Зеленая экономика» для Казахстана // электронды ресурс:/

МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕ МЕНШІК ӘРІПТЕСТІКТІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОРНЫ

Абылкасимова Ж.А., Романов Ш.Қ.

Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті,

Семей қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: Zhibekmm@mail.ru

Ғаламдану процестері, меншік формаларының көптүрлілігі, ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктері экономикалық қатынастардың сипатына өз әсерін тигізбей қоймайды. Бұл факторлар әлеуметтік-экономикалық, өндірістік, техника-экономикалық, ұйымдастырушылық экономикалық қатынастардың барлық формаларына өзгерістер енгізеді, күрделендіреді.

Қазіргі кездегі экономикалық қатынастардың күрделілігі жағдайында осы қатынасқа қатысушы мемлекет пен жеке меншік бизнес сияқты субъектілердің өзара әрекеті жаңа тұрғыдан зерттеуді қажет етеді. Әдетте, экономикалық әдебиеттерде мемлекет пен жеке меншік бизнестің функциялары жеке-жеке атап көрсетіледі. Алайда, экономикалық қатынастардың нақты іске асу сипаты көрсеткендей, мемлекет пен жеке меншік бизнестің өз функциялары шегінде ғана әрекет етуі көптеген әлеуметтік-экономикалық мәселелердің шешілмей қалуына немесе жеткіліксіз деңгейде шешілуіне әкелуде. Экономикалық қатынастардағы мемлекет пен жеке меншік бизнестің өзара функционалды әрекетін жетілдіруге деген қажеттілік «мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің» теориялық және тәжірибелік аспектілерін терең зерттеуді талап етеді. Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік ұғымын әдеттегі «экономиканы мемлекеттік реттеу» терминімен ұқсастыруға болмайды. Мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің жалпыға ортақ анықтамасы әлі қалыптасқан жоқ. Бұл ұғымға ғалымдар әртүрлі анықтамалар береді. Осындай анықтамаларды жүйелей келе, мемлекеттік-жеке меншік әріптестік ұғымына келесі мағынада анықтама беруге болады: мемлекеттік-жеке меншік әріптестік - мемлекет пен бизнестің қоғамдық маңызы бар міндеттерді өзара тиімді шарттар негізінде шешу бойынша өзара қатынастар жүйесі.

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік әлемде кең тараған. Ұлыбританияда, Германияда, Италияда, Францияда, ОАР-да, Жапонияда мемлекеттік-жеке меншік әріптестік негізгі өндірістік қорларды жаңартуға, әлеуметтік шараларды іске асыруға, темір жол, автомобиль жолдарын салуға, сумен қамтамасыз етуге, тұрмыс қалдықтарын өңдеуге және т.б. бағытталған. Әрине, мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің әрекет ету сферасы осымен шектеліп қалмайды, яғни кеңейе беретіні сөзсіз.

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің келесідей негізгі принциптері бар:

- өзара тиімділік;
- теңдік және бостандық;
- кепілділік;
- өзара араласпау.

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің теорияда қалыптасқан негізгі белгілеріне келесілерді жатқызуға болады:

- орта мерзімдік және ұзақ мерзімдік өзара қатынастар;
- мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің негізгі қатысушылары мемлекет пен жеке меншік бизнес болып табылады;